

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2025 ж. «09-12» мамыр күндеріне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №5**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 08 мамыр сағат 20:00-ден 12 мамыр сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 08.05.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Кеңшілік Ы.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «09-12» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 3000 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4310 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдануы жоғары. 9 мамырда күндіз кей жерлерде жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, түнде кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Іле Алатауында қарқынды және ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 11-12 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 3000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда күндіз кей жерлерде жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, түнде кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Күнгей Алатауында қарқынды және ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 11-12 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 3000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, түнде кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Теріскей Алатауында қарқынды және ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 11-12 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 2500 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде — 2500 метрге жуық және одан жоғары, солтүстік-шығыс бөлігінде — 2500 метрден жоғары, ал оңтүстік бөлігінде — 3000 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Жетісу Алатауында қарқынды және ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел

		қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 11-12 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 3000 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда жаңбыр, найзағай, бұршақ, таңертең және күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (1-15 мм) болады. Қырғыз және Талас Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 10-11 мамырда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Орта таулы аймақтың негізгі бөлігі қар жамылғысынан босанды. Қар жамылғысы 3000 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда өткінші жаңбыр жауады (1-14 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10-11 мамырда жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	9, 10 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 11 мамырда күндіз жаңбыр (1-2 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 мамырда жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 2000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 11 мамырда жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Тарбағатайда қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 12 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 2500 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Сауыр тауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 11 мамырда жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ Сауыр тауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 12 мамырда түнде жаңбыр (1-8 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы 1500 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 9 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр

		генезисті сел қауіптілігі жоқ. 10 мамырда жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 11 мамырда жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ. Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 12 мамырда түнде жаңбыр (1-8 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
--	--	---

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «09» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 10-15 градус жылы.
Күнгей Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (2-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 20-25 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 21-26 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 13-18 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Жаңбыр, найзағай, бұршақ, таңертең және күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (1-15 мм) болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 16-21 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жаңбыр, найзағай, бұршақ, таңертең және күндіз кей жерлерде қатты жаңбыр (1-15 мм) болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 16-21 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Өткінші жаңбыр жауады (1-14 мм), найзағай болады. Батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 16-21 градус жылы.
Өгем жотасы	Өткінші жаңбыр жауады (1-14 мм), найзағай болады. Батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 18-23 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 25-30 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан, оңтүстіктен соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 23-28, кей жерлерде 18 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан, оңтүстіктен соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы, күндіз 30-35 градус қатты ыстық.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан, оңтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, кей жерлерде 4, күндіз 28-33, кей жерлерде 20-25 градус жылы.

2025 жылғы "10-12" мамырға арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 10 мамырда жаңбыр, түнде кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, 11-12 мамыр жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 12-17 градус жылы, 11-12 мамыр түнде 2-7 градус жылы, күндіз 12-17 градус жылы.

Жетісу: 10 мамыр жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, 11-12 мамыр жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 15-20 градус жылы, 11-12 мамыр түнде 2-7 градус жылы, күндіз 15-20 градус жылы.

Жамбыл: 10-11 мамыр жаңбыр (1-10 мм), найзағай, 12 мамыр жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 10 мамыр түнде 7-12 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы, 11 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы, 12 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 22-27 градус жылы.

Түркістан: 10-11 мамыр жаңбыр (1-5 мм), найзағай, 12 мамыр жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 7-12 градус жылы, күндіз 21-26 градус жылы, 11 мамыр түнде 7-12 градс жылы, күндіз 23-28 градус жылы, 12 мамыр түнде 10-15 градус жылы, күндіз 24-29 градс жылы.

Маңғыстау: 10 мамыр жауын-шашынсыз, 11 мамыр күндіз жаңбыр (1-2 мм), найзағай, 12 мамыр жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 10-15 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы, 11-12 мамыр түнде 10-15 градус жылы, күндіз 23-28 градус жылы.

Абай: 10 мамыр жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз бұршақ, 11 мамыр жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, 12 мамыр жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 13-18 градус жылы, күндіз 22-27 градус жылы, 11 мамыр түнде 10-15 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы, 12 мамыр түнде 7-12 градус жылы, күндіз 22-27 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: 10 мамыр жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай, күндіз бұршақ, 11 мамыр жаңбыр, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, бұршақ, 12 мамыр түнде жаңбыр (1-8 мм), найзағай. Ауа температурасы 10 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы, 11 мамыр түнде 5-10 градус жылы, күндіз 12-17 градус жылы, 12 мамыр түнде 2-7 градус жылы, күндіз 15-20 градус жылы.